

Астық туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 143 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "сәйкестікті растау", "Сәйкестікті растау" және "сәйкестігін растау" деген сөздер тиісінше "сәйкестікті бағалау", "Сәйкестікті бағалау" және "сәйкестігін бағалау" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "беру арқылы", "берілген" деген сөздер тиісінше "шығару арқылы", "шығарылған" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 09.04.2016 № 502-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бүкіл мәтін бойынша "электрондық тізілімі", "ақпараттық жүйеде", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйенің", "электрондық тізілімін", "ақпараттық жүйеге", "ақпараттық жүйені" деген сөздер тиісінше "цифрлық тізілімі", "цифрлық жүйеде", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйенің", "цифрлық тізілімін", "цифрлық жүйеге", "цифрлық жүйені" деген сөздермен ауыстыру көзделген – ҚР 24.06.2026 № 326-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасында астықты өндіру, сақтау және сату процесінде пайда болатын қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 2) азық-түліктік астық - тағамдық мақсаттарға пайдаланылатын астық;
- 2-1) алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) алынып тасталды - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен;

3-1) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) астық - тағамдық, тұқымдық, мал азығы және техникалық мақсаттар үшін пайдаланылатын дәнді, дәнді-бұршақ және майлы дақылдардың өнімдері;

5) астық иесі - астық қабылдау кәсіпорнына сақтауға астық берген жеке немесе заңды тұлға;

6) астық қабылдау кәсіпорны - астық сақтау жүзеге асырылатын меншік құқығындағы астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) бар заңды тұлға;

7) астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) – экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған астықты бір көлік түрінен екіншісіне қайта тиеуге арналған техникалық құрылысжайларды қоспағанда, астық сақтауға арнап мамандандырылған техникалық құрылысжай;

7-1) астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызмет – астық қабылдау кәсіпорындары астық сақтау бойынша жүзеге асыратын қызмет;

7-2) алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7-3) астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – белгілі бір уақыт сәтінде астық қолхаттарын ұстаушыларды сәйкестендіруді, астық қолхаттарымен мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін астық қолхаттары мен оларды ұстаушылар туралы мәліметтер жиынтығы, сондай-ақ олардың айналымына немесе олар бойынша құқықтарды жүзеге асыруға тіркелген шектеулердің сипаты және тіркеуші ақпараттық жүйеде көрініс тапқан өзге де мәліметтер;

7-4) алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесі - астық қабылдау кәсіпорындарының өздері берген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындамауынан астық қолхаттарын ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған ұйымдық-құқықтық шаралар кешені;

10) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры - астық қабылдау кәсіпорындарының өздері берген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындамауынан астық қолхаттарын ұстаушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын заңды тұлға;

10-1) астық қолхаты – шығару кезінде айқындалған көлемде және сапада астық қабылдау кәсіпорнынан астық алуға оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын, құжатсыз борыштық эмиссиялық емес бағалы қағаз түріндегі қоймалық куәлік;

11) астық қолхатын ұстаушы – тізілімде тіркелген, астық қолхаты бойынша құқықтарға ие тұлға;

11-1) астық нарығы жөніндегі оператор – астық нарығында тұрақтандыру функциясын және астықтың резервтік қорын және жемдік қорды басқару жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания;

12) астық өндіру - астық өсіруге бағытталған агротехникалық іс-шаралар кешені;

13) астық рыногына қатысушылар - астықты өндіруге, сақтауға, тасымалдауға, қайта өңдеуге және өткізуге қатысушы жеке және заңды тұлғалар;

13-1) астық рыногының мониторингі - астықты өндіруді, сақтауды, қайта өңдеуді және сатуды қоса алғанда, астық рыногына қатысушылар жүзеге асыратын астықпен жасалатын операциялар туралы деректерді жинауға, өңдеуге және талдауға бағытталған тұрақты іс-шаралар жиынтығы;

13-2) астық сапасының паспорты – астық сапасының нақты көрсеткіштерін және олардың стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына және (немесе) келісімшарт талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

13-3) алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13-4) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

13-5) астықты сақтау - астық қоймасында (элеваторда, астық қабылдау пунктінде) жүзеге асырылатын, астық қабылдауды, өлшеуді, кептіруді, тазартуды, сақтауды және тиеп жөнелтуді қамтитын қызмет көрсетулердің технологиялық кешені;

14) астықтың өмірлік циклі - астықты өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу, жою және кәдеге жарату процестері;

14-1) астықтың резервтік қоры – табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, төтенше жағдай енгізілген кезде елді азық-түліктік астықпен кепілдендірілген түрде қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ қажет болған кезде ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету мақсатында пайдаланылатын азық-түліктік астық қоры;

14-2) астықтың резервтік қорын басқару – астық нарығы жөніндегі оператордың бюджет қаражаты есебінен астық қабылдау кәсіпорындарында астықтың резервтік қорын сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ астықтың резервтік қорын сатып алуға, өткізуге және айырбастауға бағытталған қызметі;

17) астықтың сапасы – астықтың стандарттау жөніндегі құжаттардың, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық қағидалар мен нормалардың, гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкестігін анықтайтын тұтыну қасиеттерінің жиынтығы;

18) астықтың сапасына сараптама жасау - көлік құралын (қойманы) зерттеуді, сынаманы іріктеу мен сынақтан өткізуді, сапа паспортын ресімдеуді қамтитын астық сапасының нақты көрсеткіштерін белгілеу мен растауға бағытталған шаралар кешені;

18-1) бұйрық – астық қолхатын ұстаушыға тиесілі астыққа қатысты белгілі бір іс-қимылдың жүзеге асырылғанын көрсете отырып, астық қабылдау кәсіпорны немесе астық қолхатын ұстаушы тізілімде қалыптастыратын, ұлттық куәландырушы орталық берген электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылатын электрондық құжат;

18-2) жеке шот – тізілімде қамтылған, астық қолхаты бойынша мәмілелерді тіркеу және құқықтарды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;

18-3) жеке шоттан үзінді – бағалы қағаз болып табылмайтын, тіркеуші тіркеуші ақпараттық жүйеде қалыптастыратын және тіркелген тұлғаның белгілі бір уақыт сәтіне астық қолхаты бойынша құқығын растайтын электрондық құжат;

20) жемдік астық - ауыл шаруашылығы жануарларының азығына арналған астық;

20-1) жемдік қор – жаңа егінге дейінгі маусымаралық кезеңде ауыл шаруашылығы жануарларының, сондай-ақ құрама-жем өндірісін жүзеге асыратын кәсіпорындардың жемдік астыққа қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында құрылатын астық қоры;

20-2) жемдік қорды басқару – астық нарығы жөніндегі оператордың жемдік астықты бюджет қаражаты есебінен астық қабылдау кәсіпорындарында сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ жемдік астықты сатып алуға, өткізуге және айырбастауға бағытталған қызметі;

21) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21-1) клиент – тіркеушінің қызметтерін пайдаланатын немесе пайдалануға ниетті тұлға;

22) алып тасталды - ҚР 09.04.2016 № 502-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23) алып тасталды - ҚР 09.04.2016 № 502-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

25) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

26) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

26-1) қазақстандық астық өндірушілер – Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын және астық өндірумен айналысатын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;

27) алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

27-1) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

28) тұқымдық астық (тұқым) - себу мақсаттарына пайдаланылатын әрі сорттылық және себу сапаларына қарай бөлінетін астық;

28-1) тіркеуші – жарғылық капиталына мемлекет қатысатын, бағалы қағаздар нарығында жұмыс тәжірибесі бар, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

28-2) тіркеуші ақпараттық жүйе – астық қолхаттары мен оларды ұстаушылар жөніндегі ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған, тізілімді жүргізудің автоматтандырылған жүйесі;

28-3) тіркеуші ақпараттық жүйенің веб-порталы – Интернет желісінде орналастырылған, тізілім деректеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын интернет-ресурс;

29) уәкілетті орган – құзыреті шегінде астық нарығына қатысушылардың қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерістер енгізілді - 2007.07.26. № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 09.04.2016 № 502-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.12.2020 № 390-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2025 № 188-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.06.2025 № 194-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

1. Қазақстан Республикасының астық туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2-тарау. АСТЫҚ РЫНОГЫН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МЕН РЕТТЕУ

3-бап. Астық рыногындағы мемлекеттік басқарудың мақсаттары

Астық рыногын мемлекеттік басқару мен реттеудің мақсаттары:

- 1) техникалық реттеу саласындағы қауіпсіздікті (бұдан әрі – қауіпсіздік) қамтамасыз ету;
- 2) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 3) астық өткізу рыногын кеңейту;
- 4) астық сапасын қамтамасыз ету;
- 5) фитосанитариялық жағдайды қауіпсіз деңгейде ұстау;
- 6) табиғи-климаттық жағдайларды және рынок конъюнктурасын ескере отырып, астық өндіру құрылымын оңтайландыру және астықты өндіру, сақтау мен сату технологиясын жетілдіру;
- 7) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 8) астық өндіру ісінде инвестиция, кредит, салық және кеден саясатын қалыптастыру;
- 9) астықтың қауіпсіздігіне және сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыруға әкеп соғатын әрекеттердің алдын алу;
- 10) астықтың резервтік қорын ұстап тұруды қамтамасыз ету;
- 11) жемдік қорды сақтап тұруды қамтамасыз ету болып табылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.12.2020 № 390-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.06.2025 № 194-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

4-бап. Астық рыногын мемлекеттік реттеу нысандары

Астық рыногына қатысушылардың қызметін мемлекеттік реттеу:

- 1) уәкілетті орган бекітетін біліктілік талаптары негізінде астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

1-1) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық реттеу;

2-1) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) астық қолхаттарының айналысын құқықтық реттеу;

4) астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін лицензиялық бақылау;

4-1) астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қағидалардың сақталуын бақылау;

4-2) алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4-3) астықтың резервтік қорын сақтау бойынша шығыстарды өтеу;

4-4) жемдік қорды сақтау бойынша шығыстарды өтеу;

5) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) алып тасталды

7) өсімдіктерді қорғау және олардың карантині жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік қаржыландыру;

8) алып тасталды

9) алып тасталды

10) заң актілерінде көзделген өзге де нысандар арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.10.13. № 488 Заңымен, 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 502-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.12.2020 № 390-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.06.2025 № 194-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

2-1) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) астықпен жасалатын операцияларға байланысты үкіметаралық келісімдер жасасады;

4-1) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6-1) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) алынып тасталды;

9) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

10) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) алып тасталды - ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

13) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

14) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.10.13 № 488, 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.26 № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.07.05

№ 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 502-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне мыналар кіреді:

1) астық өндіруді мемлекеттік қолдау саласындағы саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және оларды жүзеге асыруды ұйымдастыру;

1-1) астық нарығы саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіру және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

1-2) астық нарығы жөніндегі операторды айқындау;

1-3) тіркеушіні айқындау;

2) астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

2-1) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-2) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3-1) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-2) Қазақстан Республикасы астық туралы заңнамасы талаптарының бұзылуын жою туралы нұсқаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулының нысандарын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұсқамалар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

5) астық нарығының мониторингін жүзеге асыру;

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

10) астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

11) астыққа және оның өмірлік циклінің процестеріне техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;

11-1) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

12) мынадай:

астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу;

астықты сақтау;

астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды жүргізу;

астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

12-1) мыналарды:

астық нарығына мониторинг жүргізу қағидаларын;

астық қабылдау кәсіпорындары есептілігінің үлгілік нысандарын;

мемлекеттік астық инспекторлары туралы ережені әзірлеу және бекіту;

12-2) астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді берудің нысандарын, көлемін және мерзімділігін әзірлеу және бекіту;

13) алынып тасталды - ҚР 2007.07.26 № 313 Заңымен.

14) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) алып тасталды - ҚР 09.04.2016 № 502-V Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

16) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

17) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

19) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-1) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21) астық қабылдау кәсіпорнын зерттеп-тексеру актісінің нысанын әзірлеу және бекіту;

22) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

24) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

25) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

26) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

27) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

28) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

29) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

30) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

31) астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы жария шарттардың үлгілік нысанын бекіту және әзірлеу;

32) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларын құруға, олардың жұмыс істеуі мен таратылуына қойылатын талаптарды, астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу шарттарын, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) кепілдіктер алу тәртібін, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді өтеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

32-1) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

32-2) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

32-3) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

32-4) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

32-5) тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

32-6) астықтың резервтік қорын басқару жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту ;

32-7) астық нарығы жөніндегі операторға астықтың резервтік қорын сақтау бойынша шығыстарды өтеу;

32-8) жемдік қорды басқару жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

32-9) астық нарығы жөніндегі операторға жемдік қорды сақтау шығыстарын өтеу;

33) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.10 № 116 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.26 № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 502-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.12.2020 № 390-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.06.2025 № 194-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-1-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының құзыреті

Ескерту. 6-1-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Облыстың жергілікті атқарушы органының құзыретіне:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-1) астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

3) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4) табиғи-климаттық жағдайларды және нарық конъюнктурасын ескере отырып, астық өндірісі құрылымын оңтайландыру, астық өндірудің, сақтаудың және өткізудің жаңа озық технологияларын жетілдіру және енгізу;

5) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6) бюджеттік бағдарламаларға сәйкес қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштардың, тұқым улағыштар мен пестицидтердің құнын арзандатуды жүзеге асыру;

7) ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттіліктерін уақтылы қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдау;

8) өңірлерде техникалық реттеу саласында сәйкестікті бағалау бойынша қызметтер көрсету жөнінде бәсекелестік ортаны құру бойынша шаралар қабылдау;

9) астық қабылдау кәсіпорындарын мемлекеттік бақылау;

10) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тұтастай немесе жекелеген операцияларды жүзеге асыру бөлігінде алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру;

11) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

13) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

15) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

16) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17-1) астық қабылдау кәсіпорындарының Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын сақтауын бақылау;

17-2) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұскамалар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

17-3) әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде астық нарығының мониторингін жүзеге асыру;

17-4) астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылау;

17-5) осы Заңның 28-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорнынан астықты көліктің кез келген түрімен тиеп жөнелтуге тыйым салу;

17-6) тізілім деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және астықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау тұрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялау (тексеру);

17-7) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы сотқа арыз беру;

17-8) алып тасталды - ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17-9) астық нарығына қатысушылардың астығының нақты бар-жоғы мен сапасын және оның есепті деректерге сәйкестігін тексеру;

17-10) астықтың сандық-сапалық жай-күйін бақылау;

17-11) астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы хабарлама жіберу;

17-12) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17-13) алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

17-14) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;

18) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

2. Алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының құзыретіне:

1) астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

2) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес астық қабылдау кәсіпорындарының астықты сандық-сапалық есепке алуды жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын сақтауын бақылау;

3) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұсқамалар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

4) әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде астық нарығының мониторингін жүзеге асыру ;

5) астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы хабарлама жіберу;

6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

Ескерту. 6-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), өзгерістер енгізілді - 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 502-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 19.05.2025 № 188-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-2-бап. Агенттің функциялары

Ескерту. 6-2-бап алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-3-бап. Астық нарығын реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-3-бапқа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Астық нарығын реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-3-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-4-бап. Астық нарығы жөніндегі оператор

Астық нарығы жөніндегі оператор:

- 1) астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;
- 2) астықтың резервтік қорын ұстап тұруды қамтамасыз етеді;
- 3) астық сатып алуды жүзеге асырады;
- 4) ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету мақсатында ұн тарту ұйымдарына азық-түліктік астық жеткізуді қамтамасыз етеді;
- 5) тұқымдық қорды қалыптастыруға қатысады;
- 6) азық-түліктік астық сатып алу және жеткізу арқылы азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- 7) астықтың резервтік қорын айырбастауды жүзеге асырады;
- 8) жемдік қорды айырбастауды жүзеге асырады;
- 9) жемдік қорды қалыптастыруға қатысады және оны сақтап тұруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 2-тарау 6-4-баппен толықтырылды - ҚР 21.12.2020 № 390-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 12.06.2025 № 194-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы астық және оның өмірлік циклінің процестері осы Заңның талаптарына, техникалық регламенттерге, санитариялық және

фитосанитариялық қағидалар мен нормаларға және қолданылып жүрген стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес келуге тиіс.

2. Астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылауды жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

3. Астық сапасының мемлекеттік бақылауы мыналарды қамтиды:

1) астық қабылдау кәсіпорындарына қабылдау және тиеп жіберу кезінде астық сапасының көрсеткіштерін айқындауды бақылау;

2) астықтың сандық-сапалық жай-күйін бақылау.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.11 № 231, 2003.10.13 № 488, 2006.01.10 № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-1-бап. Отандық астық өндірушілердің мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру жөніндегі міндетін орындауын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 7-1-бап алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-2-бап. Астықты қайта өңдеу ұйымдарының мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстары астығын нысаналы пайдалануын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 7-2-бап алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-бап. Астықтың сапасына сараптама жасау

1. Астықтың сапасына сараптама жасауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертханалар жүзеге асырады.

2. Астық сапасының паспортсыз, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес талап етілетін өзге де құжаттарсыз экспорттау мен импорттау кезінде астық сатуға жол берілмейді.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.10.13. № 488, өзгерту енгізілді - 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

9-бап. Астық тасу

1. Қазақстан Республикасының аумағында астық тасу тура және аралас қатынас жүйесі болып табылатын темір жол, автомобиль, теңіз және ішкі су көлігімен жүзеге асырылады.

2. Алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі)
) Заңымен.

3. Кез келген көлік түрімен тасымалдауға жататын астық партиясымен осы көлік түрімен жүк тасу қағидаларына сәйкес оның техникалық регламенттердің және стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар бірге жүреді.

4. Алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі)
) Заңымен.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.10.13 № 488, 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-1-тарау. Астыққа және оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын қауіпсіздіктің жалпы талаптары

Ескерту. 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

9-1-бап. Техникалық реттеу объектілері

Астық және оның өмірлік циклінің процестері техникалық реттеу объектілері болып табылады.

9-2-бап. Сәйкестікті бағалау

Астықтың техникалық регламенттерде айқындалған талаптарға сәйкестігін бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9-3-бап. Астықтың қауіпсіздігі мен сапасы туралы ақпаратқа қойылатын талаптар

Тұтынушылардың астықтың қауіпсіздігі мен сапасына қатысты жаңылысуына әкеп соқтыратын әрекеттердің алдын алу мақсатында астық нарығына қатысушылар сатып алушыларға және (немесе) тұтынушыларға астықтың қауіпсіздігі мен сапасының көрсеткіштері туралы толық және дұрыс ақпарат беруге міндетті.

9-4-бап. Астыққа қойылатын қауіпсіздік талаптары

1. Пайдалану мақсатына қарай астық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптардың кешеніне сәйкес келуге тиіс.

2. Астық құрамындағы ықтимал қауіпті химиялық қосылыстар мен биологиялық объектілер, пестицидтердің және тыңайтқыштардың қалдық мөлшері, оның ішінде фумиганттар, зиянды заттар мен қоспалар, сондай-ақ ылғал техникалық регламенттерде белгіленген мәндерге жол берілген ең жоғары деңгейден аспауға тиіс.

Ескерту. 9-4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-5-бап. Астықты өндіру кезіндегі қауіпсіздік талаптары

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-5-бапты алып тастау көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Жер учаскелерінің иелері мен пайдаланушылары астық өндірісін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлылығын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ осындай қызметтің қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуін жоятын немесе шектейтін тәсілдермен жүзеге асыруға міндетті.

9-6-бап. Астықты сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Астықты сақтау оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін экологиялық, құрылыс, өрт, санитарлық-эпидемиологиялық және фитосанитариялық талаптарға сай келетін астық қоймаларында жүзеге асырылады.

2. Астықты сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары тәуекел түрлері бойынша техникалық регламенттерде белгіленеді.

9-7-бап. Астықты тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Астықты тасымалдау оның қауіпсіздігі мен сапалық көрсеткіштерінің сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс.

2. Астық құрғақ, таза, бөгде иіссіз, зиянды ағзалармен залалданбаған көлік құралдарымен тасымалданады.

9-8-бап. Астықты кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша мақсатына қарай пайдалану үшін жарамсыз деп танылған астыққа техникалық регламенттерде белгіленген тәртіппен одан әрі пайдалануды (кәдеге жаратуды) немесе жоюды анықтау тұрғысында сараптама жасалуға тиіс.

2. Сараптама жасауға және оны одан әрі пайдалану (кәдеге жарату) немесе жою ықтималдығы туралы шешім қабылдау қажет болатын кезеңдегі астық оның партиясының көлемі көрсетіле және астыққа қол жеткізуді болғызбайтын жағдайлар сақтала отырып, жеке үй-жайларда сақталуға тиіс.

3. Мақсатына қарай пайдалануға жарамсыз астықты тасымалдауға, сақтауға, сараптама жасауға, пайдалануға (кәдеге жаратуға) немесе жоюға байланысты шығындарды оның иесі өтейді.

3-тарау. АСТЫҚ ӨНДІРУ МЕН САТУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

10-бап. Мемлекеттік қолдаудың нысандары

Астық рыногының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекет астық өндіру мен сатуды қолдаудың мынадай нысандарын жүзеге асырады:

1) қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге элиталық тұқым құнын уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен арзандату;

- 2) техника мен жабдықтардың лизингілік жеткізілімін ұйымдастыру;
- 3) алып тасталды
- 4) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі)
) Заңымен;
 - 4-1) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
 - 4-2) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
 - 4-3) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 5) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі)
) Заңымен;
- 6) алынып тасталды
- 7) топырақтың құнарлылығын сақтау жөніндегі ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қаржыландыру;
- 8) астықты өндіру мен сақтаудың жаңа озық технологияларын енгізуге жәрдемдесу;
- 9) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі)
) Заңымен;
- 10) астық қолхаттарының тиімді айналысы үшін жағдай жасау;
- 10-1) бюджеттік бағдарламаларға сәйкес қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштар мен жанар-жағар май материалдарының құнын арзандату;
- 11) ішкі рыноктың мұнай өнімдеріне деген қажеттерін дер кезінде қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдану;
- 12) алынып тасталды - ҚР 2006.01.10 № 116 Заңымен.
- 13) агроөнеркәсіптік кешен үшін мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес кадрлар даярлау;
- 14) аймақтарда техникалық реттеу саласында сәйкестікті бағалау жөнінде қызметтер көрсету бойынша бәсекелестік орта құру үшін шаралар қолдану;
- 15) алып тасталды - ҚР 08.06.2015 № 317-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 16) отандық ауыл шаруашылық машина жасау ісін жаңғырту жөнінде шаралар қолдану.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.10.13 № 488, 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10 № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.06.2015 № 317-V (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.05.2025 № 188-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК АСТЫҚ РЕСУРСТАРЫ

Ескерту. 4-тарау алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (02.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-1-тарау. Астықты экспортқа шығарушылардың қызметін мемлекеттік реттеу

12-1-бап. Астықты экспортқа шығарушылардың есептілігі

Ескерту. 12-1-бап алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-2-бап. Астықты экспортқа өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның күшін тоқтата тұру, лицензиядан айыру

Ескерту. 12-2-бап алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Астықты экспортқа өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. Заң 12-2-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.26 № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

12-3-бап. Астық экспорттаушылардың мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру жөніндегі міндеті

Ескерту. 12-3-бап алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. Астық қабылдау кәсіпорындары, қырман шаруашылықтары және сервистік-дайындау орталықтары

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

13-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметі

1. Астық қабылдау кәсіпорындары жалпы пайдаланылатын тауар қоймасы деп танылады. Олардың астық сақтауға жасалатын шарттары (бұдан әрі - шарт) жария шарттар болып табылады.

2. Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі жөніндегі қызметті лицензия негізінде астық қабылдау кәсіпорындары жүзеге асырады.

Заңды тұлға бір немесе бірнеше астық қоймаларында (элеваторларда, астық қабылдау пункттерінде) астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензия алуға құқылы.

Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметтің осы түрі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі өз қызметін жүзеге асыру едәуір нашарлап кететін немесе мүлде мүмкін болмай қалатын негізгі құралдарды иеліктен айыруына тыйым салынады.

3. Тиісті лицензиясы жоқ бірде-бір тұлға:

1) қырман шаруашылықтарында және (немесе) сервистік-дайындау орталықтарында жүзеге асырылатын қызметті қоспағанда, негізгі немесе қосымша қызмет ретінде астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі жөнінде қызмет көрсетуге;

2) өз атауында, құжаттарында, хабарландырулары мен жарнамаларында "астық қабылдау кәсіпорны", "астық қоймасы", "астық қабылдау пункті", "элеватор" деген сөздерді немесе ол астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асырады деп ұйғарылатын, солардан туындайтын сөздерді пайдалануға құқылы емес.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.10.13 № 488, 2006.01.10 № 116 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26 № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-1-бап. Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу

1. Тізілімді уәкілетті орган белгілеген тәртіппен құқық және жер кадастрларының деректері, рұқсаттар мен хабарламалар, жеке және заңды тұлғаларды тіркеу, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы орталық атқарушы органдардың, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының мәліметтері негізінде тіркеуші қалыптастырады және жүргізеді.

Астық қолхаттарын шығару, олардың айналымы және оларды өтеу тәртібі, тізілімге қолжетімділікті беру тәртібі Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларында айқындалады.

Тізілімге деректерді берудің нысандарын, көлемін және мерзімділігін тиісті уәкілетті органдар белгілейді.

2. Тізілім деректері мемлекетке тиесілі.

Тізілімді пайдаланушылар үшін оның деректеріне қолжетімділікті тіркеуші тіркеуші ақпараттық жүйенің веб-порталы арқылы қамтамасыз етеді.

3. Тізілім деректерін уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар астық нарығы мониторингін жүзеге асыру үшін пайдаланады.

4. Тіркеушінің функциялары:

1) тіркеуші ақпараттық жүйе арқылы тізілім деректерін қалыптастыру, жүргізу және сақтау;

2) клиенттің жеке шотын ашу;

3) жеке шот бойынша жекелеген операцияларды тіркеу;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркеуші ақпараттық жүйеге қосылған мәліметтерді алу құқығына ие мемлекеттік органдарға ақпарат ұсыну;

5) тіркеуші ақпараттық жүйені пайдаланушыларға ақылы электрондық қызметтер көрсету;

6) тіркеуші ақпараттық жүйенің веб-порталында ақпаратты жариялау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функциялар.

Ескерту. 5-тарау 13-1-баппен толықтырылды - ҚР 09.04.2016 № 502-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-бап. Астық қабылдау кәсіпорнының міндеттері

Астық қабылдау кәсіпорны:

1) астық сақтау тәртібін, сондай-ақ олардың саны мен сапасы жағынан белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құқықтық актіге сәйкес сақталуын қамтамасыз ететін іс-шараларды сақтауға;

2) қажет болған жағдайларда белгіленген тәртіппен астық иелеріне оның сынамаларын іріктеп алуды қамтамасыз етуге;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) астық сақтау шартының талаптарына сәйкес және астық қолхатын ұстаушының бұйрығы негізінде осы Заңның 31-бабында көзделген және осы астық қолхаты бойынша астықты сақтағаны үшін берешегінің болмауы жағдайларын қоспағанда, сақтаулы астықтың тиісті көлемін босату жолымен астық қолхатын өтеуге міндетті.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-1) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) алып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі)
) Заңымен.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 502-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Астық қабылдау кәсіпорнының астық сақтау жөніндегі шығындарының орнын толтыру

1. Астық қабылдау кәсіпорнының астық сақтау жөніндегі шығындарының орнын толтыру шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

2. Астық қабылдау кәсіпорнының:

1) астық қолхатын ұстаушымен келісе отырып, ақшалай не сақтаулы астықтың тиісті мөлшерін ұстап қалу жолымен оны кейін астық рыногында еркін өткізу арқылы сақтау жөніндегі шығындарын жабуға;

2) астық қолхатын ұстаушының мүдделерін көздеп өзге де операциялар бойынша шартта көзделген немесе заң актілерінде белгіленген шығындардың орнын толтыруға құқығы бар.

16-бап. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесі және қоры (қорлары)

1. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорымен (қорларымен) жасалған шарттардың негізінде астық қабылдау кәсіпорындары ғана астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушы бола алады.

Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатыспайтын астық қабылдау кәсіпорындары астық қолхаттарын және олардың бөліктерін ұстаушылардың алдында өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды жүзеге асырады, ол сақтауға қабылданған астық сапасының жоғалу немесе нашарлау фактісі болған кезде астық қолхатын әрбір ұстаушыға сапасы жоғалған немесе нашарлаған астықтың өтемі кезінде қалыптасқан нарықтық құнының кемінде сексен проценті мөлшерінде сақтандыру төлемдерін франшиза талаптарын қолданбастан төлеуді қамтамасыз етеді.

2. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушы астық қабылдау кәсіпорын сақтауға қабылдаған астық сапасының жоғалу немесе нашарлау фактісі басталған кезде астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры (қорлары) осы астық қабылдау кәсіпорнының астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін сақтауға тапсырылған, сапасы жоғалған немесе нашарлаған астықтың өтем кезінде қалыптасқан нарықтық құнының кемінде сексен проценті мөлшерінде ақшалай өтейді.

Астық сапасының жоғалу немесе нашарлау фактісін жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі белгілейді.

Астық қабылдау кәсіпорнының астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін өтеуді жүзеге асырған астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорына (қорларына) астық қолхатын ұстаушының осы астық қабылдау кәсіпорнына талап ету құқығы оның төлеген сомасы шегінде көшеді.

Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушы астық қабылдау кәсіпорындары астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорына (қорларына) астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру мақсатында астық қолхаттарының тізілімін беруге міндетті.

3. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушы астық қабылдау кәсіпорындары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз мүлкін және өзге де мүліктік мүдделерді сақтандыруы (өзара сақтандыруы) мүмкін.

4. Осы Заңға сәйкес уақытша басқару енгізілген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушы астық қабылдау кәсіпорнының астық қолхаттарын ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыруды астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры (қорлары) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірінші кезектегі тәртіппен жүргізеді.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-1-бап. Қырман шаруашылықтары және сервистік-дайындау орталықтары

Қырман шаруашылығы деп жеке немесе заңды тұлғаға меншік құқығымен тиесілі және астық пен тұқымның тауарлық партияларын қалыптастыру және оларды сақтау мақсатында астықты бастапқы өңдеуге арналған техникалық құрылыс танылады.

Қырман шаруашылығы сервистік-дайындау орталығы түрінде құрылуы мүмкін.

Қырман шаруашылығында және (немесе) сервистік-дайындаушы орталықта жүзеге асырылатын қызмет лицензиялауға жатпайды. Осы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың астық қолхаттарын шығаруға құқығы жоқ.

Ескерту. 16-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 502-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-тарау. АСТЫҚ ҚАБЫЛДАУ КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ

17-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін реттеу тәсілдері

Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету, астық иелерінің мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде астық қабылдау кәсіпорындарының саралану талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін реттеу:

1) белгіленген тәртіппен астық қабылдау кәсіпорындары орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер шығару;

2) астық қабылдау кәсіпорындары астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын сақтау нысанысындағы қызметін, сондай-ақ тізілім деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есепке алынуын және сақталуын қамтамасыз етуді жүргізу талаптарын инспекциялау (тексеру);

3) астық қабылдау кәсіпорындарына, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарына заңдарға сәйкес санкциялар салу арқылы жүзеге асырылады.

4) алып тасталды

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.10.13. № 488 Заңымен, 2004.12.20. № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. № 116 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Басым жағдайға ие болған астық қабылдау кәсіпорындары көрсететін қызметтердің бағасын (тарифтерін) мемлекеттік реттеу

Ескерту. 18-бап алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін шектеу

1. Астық қабылдау кәсіпорындары астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге жатпайтын қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде, үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдік беруге және мүлікті кепілге салуға құқылы емес, оған мыналар кірмейді:

1) ұн және жарма өнімін, құрама-жем, нан-бөлке, макарон өнімдерін өндіру және өткізу, майлы тұқымдар мен оларды қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу және өткізу;

2) бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, кірме жолдар қызметтерін, сондай-ақ жанар-жағармай материалдарын, қатты отынды сақтау бойынша қызметтер көрсету;

3) телекоммуникация құралдарын орнату үшін астық қабылдау кәсіпорынының өндірістік емес алаңдарын беру жөнінде қызмет көрсету;

4) жанар-жағармай материалдарын сақтау үшін мұнай өнімдерінің базалары мен резервуарларды жалға беру жөнінде қызметтер көрсету;

5) астықты, астық қалдықтарын және астық сақтау бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру процесінде алынатын өзге де мүлікті өткізу;

б) астық қалдықтарын сақтау бойынша қызметтер көрсету.

Бұл орайда жоғарыда тізбеленген қызмет түрлеріне байланысты пайдаланылатын құрылыстар астық қоймасымен (элеватормен, астық қабылдау пунктімен) технологиялық байланыста болуға және (немесе) бір аумақта не оған іргелес жатқан аумақта болуға тиіс. Астық қабылдау кәсіпорындары астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызмет пен астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметіне байланысты емес қызмет операцияларының бөлек есебін жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Рынокта басым жағдайға ие болған астық қабылдау кәсіпорындарының:

1) алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу жағдайларын күштеп таңуына немесе көрсетілетін қызметтердің тұтынушыларын кемсітушілікке әкеп соғатын өзге де әрекеттер жасауына тыйым салынады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.10.13. № 488 Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.26. № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.11.21 № 89-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 33-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Астық қабылдау кәсіпорнының аудиті

1. Астық қабылдау кәсіпорнының жылдық қаржылық есебінің дұрыстығын, сондай-ақ оның ісінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін астық қабылдау кәсіпорны жыл сайынғы міндетті аудиторлық тексерулер жүргізіп отырады.

2. Егер кәсіпорынның басқару органы астық қабылдау кәсіпорнының жылдық қаржылық есебіне, сондай-ақ оның ісінің ағымдағы жай-күйіне аудиторлық тексеру жүргізуден жалтарса, кез келген мүдделі тұлғаның арызы бойынша қабылданған сот шешімімен тексеру тағайындалуы мүмкін.

3. Тексеру комиссиясының (ревизордың) астық қабылдау кәсіпорны басқару органының қызметін тексеруді жүзеге асыруы астық қабылдау кәсіпорнын аудит жүргізу міндетінен босатпайды.

21-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарының есеп жүргізуі және есеп беруі

Ескерту. 21-бап алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22-бап. Астық қабылдау кәсіпорны қызметінің негізгі көрсеткіштерін жариялау

Астық қабылдау кәсіпорындары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша жылдық балансты және пайда мен залал туралы есепті, олардың мемлекеттік кіріс органдарына тапсырылатын мерзімі келгеннен кейін күнтізбелік бір ай ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-бап. Құжаттардың есепке алынуы және сақталуы

1. Астық қабылдау кәсіпорындары өздерінің астықпен жасаған операцияларын көрсететін құжаттардың қатаң есепке алынуы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Сақталуға тиісті құжаттардың тізбесі және олардың сақталу мерзімдері заңдармен белгіленеді.

24-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялау (тексеру)

Ескерту. 24-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

24-1-бап. Мемлекеттік астық инспекторы және оның өкілеттіктері

Ескерту. 24-1-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

25-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарының жауапкершілігі

1. Астықты сақтау, сандық-сапалық есепке алу, сондай-ақ астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді бұзушылықтар анықталған, астық қабылдау кәсіпорындарының лауазымды адамдарының осы астық қабылдау кәсіпорны шығарған астық қолхаттарын ұстаушылардың мүдделеріне қауіп төндіретін заңсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі анықталған жағдайларда, жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі астық қабылдау кәсіпорнына мынадай жауапкершілік түрлерінің бірін қолдануға:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер бойынша айыппұл салуға және өндіріп алуға;

2) алып тасталды - 2006.01.10. № 116 Заңымен.

3) осы Заңның 28-бабында белгіленген жағдайларда астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізуге құқылы.

2. Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тиісті лицензиясыз жүргізген жағдайда, осы операциялардан (қызметтен) түскен табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке алынады.

3. Астық қабылдау кәсіпорындарына, олардың лауазымды адамдарына айыппұл салу және оны өндіріп алу Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.10.13. № 488, 2006.01.10. № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007.07.26. № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 502-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

26-бап. Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның күшін тоқтата тұру, лицензиядан айыру

Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның күшін тоқтата тұру, лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-бап. Астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиядан айыру

Ескерту. 27-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

28-бап. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару

1. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында олар жөнінде әкімшілік, заңдық, қаржылық, ұйымдық- техникалық және басқа да іс-шаралар мен рәсімдер кешенін мәжбүрлеп жүргізу болып табылады.

2. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару мынадай фактілердің бірі анықталған кезде сот шешімімен енгізіледі:

- 1) астық сақтау жөніндегі шарттық міндеттемелерді үнемі тиісінше орындамауы;
- 2) астық қолхаттарымен қамтамасыз етілген астық мөлшерінің астық қабылдау кәсіпорнында сақтаулы астықтың нақты мөлшерінен асып кету.

3. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды уақытша басқару жөніндегі комиссия мен уақытша әкімшілік жүзеге асырады.

4. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару астық қабылдау кәсіпорнының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Уақытша басқару кезеңінде заңсыз әрекеттермен астық қабылдау кәсіпорнына келтірген залал үшін уақытша басқару жөніндегі комиссияның мүшелері, уақытша

әкімшіліктің мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгендей жауапты болады.

Ескерту. 28-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.10.13. N 488, 2007.07.26. № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-бап. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу

Ескерту. 29-бап алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30-бап. Уақытша басқару жөніндегі комиссия

1. Уақытша басқару жөніндегі комиссия уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның, астық қабылдау кәсіпорнының, сол астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхаттарын ұстаушылардың, астық қабылдау кәсіпорны қатысу шартын жасасқан астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) өкілдерінен тұрады.

2. Уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылданғанға дейін жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі астық қабылдау кәсіпорнына, астық қабылдау кәсіпорны қатысу шартын жасасқан астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорына (қорларына) және сол астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхаттарын ұстаушылардың барлығына үш күн мерзімде уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына кандидатуралар ұсыну туралы ұсыныс жібереді.

Кандидатуралар ұсынылмаған не ұсынудан бас тартылған жағдайда, жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі уақытша басқару жөніндегі комиссияны өз бетінше құруға құқылы.

3. Уақытша басқару жөніндегі комиссияның құзыретіне:

- 1) уақытша әкімшіліктің мүшелерін қызметке тағайындау (қызметтен босату);
- 2) уақытша әкімшіліктің қызмет нәтижелері туралы есебін бекіту;
- 3) уақытша әкімшіліктің қызметін бақылау кіреді.

4. Егер астық қабылдау кәсіпорны астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) қатысушысы болмаса, уақытша басқару жөніндегі комиссиядағы өкілдердің шешім қабылдау кезіндегі дауыстары мынадай проценттік қатынаспен бөлінеді:

- 1) астық қолхаттарын ұстаушылар - елу процент;
- 2) астық қабылдау кәсіпорны - жиырма бес процент;
- 3) уәкілетті орган - жиырма бес процент.

5. Астық қабылдау кәсіпорны астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорына (қорларына) қатысқан жағдайда уақытша басқару

жөніндегі комиссиядағы өкілдердің шешім қабылдау кезіндегі дауыстары мынадай проценттік қатынаспен бөлінеді:

- 1) астық қолхаттарын ұстаушылар - жиырма бес процент;
- 2) астық қабылдау кәсіпорны - жиырма бес процент;
- 3) уәкілетті орган - жиырма бес процент;
- 4) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры (қорлары) - жиырма бес процент.

6. Уақытша басқару жөніндегі комиссия жалпы дауыс санының кемінде үштен екісіне ие өкілдер қатысқан кезде шешім қабылдауға құқылы.

Уақытша басқару жөніндегі комиссияның шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

7. Уақытша басқару жөніндегі комиссияны құрудың, оның қызметін ұйымдастырудың өзге мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-бап. Уақытша әкімшілік

1. Уақытша әкімшілікті уақытша басқару жөніндегі комиссия тағайындайды.

2. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару қолданылған кезеңде:

1) астық қабылдау кәсіпорнын басқару жөніндегі барлық өкілеттік уақытша әкімшілікке көшеді;

2) құрылтайшылардың (акционерлердің) астық қабылдау кәсіпорнын басқару жөніндегі құқықтары тоқтатыла тұрады;

3) астық қабылдау кәсіпорнын басқару органдары мен оның басшы қызметкерлерінің өкілеттігі тоқтатыла тұрады;

4) уақытша әкімшілікке айтпай және оның жазбаша келісімінсіз астық қабылдау кәсіпорнының атынан және соның есебінен жасалған барлық мәмілелер жарамсыз деп танылады.

3. Уақытша әкімшілік:

1) осы Заңда белгіленген құзыреті шегінде астық қабылдау кәсіпорны қызметінің барлық мәселелері бойынша өз бетімен шешімдер қабылдауға;

2) астық қолхаттарында көрсетілген астық көлемінің жиырма процентіне дейінгі мөлшерінде солардан туындайтын барлық талаптардың қанағаттандырылуын уақытша басқару кезеңіне тоқтата тұруға;

3) астық қабылдау кәсіпорнының ол берген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін қалпына келтіруге бағытталған шарттар жасасып, құжаттарға қол қоюға;

4) астық қабылдау кәсіпорнының атынан және оның мүдделері үшін өкілдікті, соның ішінде сотта да жүзеге асыруға;

5) астық қабылдау кәсіпорны астық қолхаттарын орындауға кепілдік беру қорына қатысқан жағдайда, аталған қорға сол астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхаттарынан туындайтын міндеттемелер бойынша берешекті бірінші кезектегі тәртіппен өтеу туралы талап қоюға;

6) астықтың сақталуына байланысты өндірістік мәселелерді бағалау үшін тәуелсіз сарапшылар тартуға;

7) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару кезеңіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құзыреті шегінде бұйрықтар шығаруға құқылы.

4. алып тасталды

Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 200.05.15. № 253 Заңымен.

32-бап. Уақытша әкімшіліктің қызметін бақылау

Ескерту. 32-бап алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

33-бап. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды тоқтату

1. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару мынадай негіздер:

1) сот шешімімен белгіленген уақытша басқару мерзімінің өтуі;

2) соттың уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдауы бойынша тоқтатылады.

2. Уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау негіздерінің бірі мыналар:

1) астық қабылдау кәсіпорнының шығарылған астық қолхаттары бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілеттілігін қалпына келтіруі;

2) уақытша басқару кезеңінде басқа астық қолхаттарын ұстаушылардың талаптарын тиісінше орындауға әсер ететін мән-жайлар болмаған кезде астық қолхаттарын ұстаушылардың барлық мәлімделген талаптарын толық көлемде қанағаттандыру болып табылады.

3. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды оның енгізілуіне әкеп соққан себептердің жойылуына байланысты аяқтау (оның ішінде мерзімінен бұрын тоқтату) сот шешімінің негізінде қабылданған осы астық қабылдау кәсіпорнына қатысты барлық шектеулердің күші жойылуына әкеп соғады.

4. Егер астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігін қалпына келтіруге алып келмеген жағдайда, уақытша әкімшілік:

1) тиісті жергілікті атқарушы органға астық қабылдау кәсіпорнын астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиядан айыру туралы ұсыныс енгізеді;

2) уақытша басқару мерзімі аяқталғанға дейін астық қабылдау кәсіпорнын мәжбүрлі тарату туралы сотқа талап арыз береді.

Астық қабылдау кәсіпорнын мәжбүрлі тарату туралы талап арызды қарау кезеңінде уақытша басқару тоқтатылған жағдайда талапкердің барлық құқықтары мен міндеттері уақытша әкімшілік функцияларын жүзеге асыратын тұлғаларға өтеді.

Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-1-тарау. Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін тексеру

Ескерту. 6-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2007.07.26. № 313 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

33-1-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін тексеру

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

33-1-бапты алып тастау көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін тексеруді уәкілетті орган өзі дербес не басқа да мемлекеттік органдарды тарта отырып жүргізеді.

2. Астық қабылдау кәсіпорындары тексеруге берілген тапсырмада көрсетілген мәселелер бойынша тексеру жүргізуде уәкілетті органға жәрдем көрсетуге, сондай-ақ тексеру жүргізу үшін қажетті барлық ақпарат көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

3. Уәкілетті органның жұмыскерлеріне астық қабылдау кәсіпорнының қызметін тексеру барысында алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

4. Тексеруді жүзеге асыратын тұлғалар астық қабылдау кәсіпорнының қызметін тексеру барысында алынған және коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

Ескерту. 33-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

33-2-бап. Мемлекеттік астық инспекторы және оның өкілеттігі

1. Уәкілетті органның басшысы мемлекеттік қызметшілердің тиісті лауазымдарына "Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік астық инспекторы" және "Мемлекеттік астық инспекторы" деген қосымша арнайы атауларды беруге құқылы.

2. Уәкілетті органның мемлекеттік астық инспекторы мынадай функцияларды:

1) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) астық қабылдау кәсіпорындарын олардың біліктілік талаптарына сәйкестігіне жыл сайынғы тексеруді өткізуге қатысуды;

3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, астық қабылдау кәсіпорындарына және жергілікті атқарушы органдарға нұсқамалар беруді;

7) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасауды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуді жүзеге асырады.

8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 33-2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-тарау. АСТЫҚ ҚАБЫЛДАУ КӘСПОРЫНДАРЫН ТАРАТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АСТЫҚ ҚОЙМАЛАРЫН(ЭЛЕВАТОРЛАРДЫ, АСТЫҚ ҚАБЫЛДАУ ПУНКТТЕРІН) ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.10.13. № 488 Заңымен.

34-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарын таратудың түрлері мен негіздемелері

1. Астық қабылдау кәсіпорны:

1) кредиторлық берешегі болмаған жағдайда құрылтайшыларының (акционерлерінің) шешімі бойынша өз еркімен таратылуы мүмкін. Бұл ретте жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесіне хабарлама жіберіледі;

2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша таратылуы мүмкін (мәжбүрлеп тарату).

2. Астық қабылдау кәсіпорындары қызметінің тоқтатылуы Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы мен осы Заңның талаптары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 34-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

35-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарын мәжбүрлеп тарату негіздемелері

Астық қабылдау кәсіпорындарын таратуды мына жағдайларда:

1) банкрот болған;

2) қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) не заң актілерінде тыйым салынған қызметті, не заңдарды әлденеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асырған;

3) заң актілерінде көзделген басқа да жағдайларда сот жүргізеді.

36-бап. Астық қабылдау кәсіпорнын банкрот деп тану

1. Астық қабылдау кәсіпорны белгіленген тәртіппен тек қана сот шешімі бойынша банкрот деп танылуы мүмкін.

2. Астық қабылдау кәсіпорнының банкроттығы туралы іс бойынша тараптардың бітім келісімін жасасу мүмкіндігіне жол берілмейді.

Ескерту. 36-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2008.07.05. № 60-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

37-бап. Астық қабылдау кәсіпорнының астық қоймасын (элеваторды, астық қабылдау пунктін) иеліктен шығару ерекшеліктері

1. Астық қабылдау кәсіпорнының астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пунктін) бөлінбейтін мүлік болып табылады және сатып алушының (алушының) оны астық сақтау мақсаты үшін пайдалану шарты бойынша бірыңғай кешенмен иеліктен шығарылады.

2. Астық қабылдау кәсіпорны астық қоймасын (элеваторды, астық қабылдау пунктін) сатуға кемінде екі ай қалғанда тіркеуші ақпараттық жүйенің веб-порталында ақпаратты жариялау үшін тіркеушіні мүліктік кешеннің иеліктен шығарылатыны туралы жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ республикалық баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде бұл туралы хабарландыру беруге тиіс.

3. Астық қабылдау кәсіпорны мүліктік кешенді иеліктен шығарған жағдайда астық қолхаттарын ұстаушыда сақтау шартын мерзімінен бұрын бұзу және астықты

белгіленген тәртіппен алу не астық қоймасының (элеватордың, астық қабылдау пунктін) бұрынғы иесімен жасасқан шарт талабымен бірдей астық қоймасының жаңа иесімен де қайта шарт жасасу құқығы сақталады.

4. Астық қабылдау кәсіпорнының осы баптың 1-3-тармақтарын бұза отырып жасаған астық қоймаларын (элеваторды, астық қабылдау пунктін) сату жөніндегі мәмілелерін астық қолхаттарын ұстаушылар мен өзге де мүдделі тұлғалардың талап-арызы бойынша сот заңсыз деп тануы мүмкін.

5. Астық қоймасын (элеваторды, астық қабылдау пунктін) иеленген не оны сот шешімінің, төрелік шешімнің орындау тәртібімен алған адам бұрынғы астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхатынан туындайтын міндеттемелер бойынша астықты қабылдау-өткізу жөніндегі комиссия жасаған астық қалдықтарын түгендеу актісінде белгіленген мөлшерде жауапты болады.

Егер астық қалдықтарын түгендеу актісі жасалмаған болса, астық қоймасының (элеватордың, астық қабылдау пунктін) жаңа иесі бұрынғы астық қабылдау кәсіпорны берген барлық астық қолхаттары бойынша жауапты болады.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.10.13. № 488 Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 489-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 502-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

38-бап. Оңалтылатын, сондай-ақ мәжбүрлеп таратылатын астық қабылдау кәсіпорны кредиторларының талаптарын қанағаттандырудың кезектілігі

Ескерту. 38-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Оңалтылатын, сондай-ақ мәжбүрлеп таратылатын, оның ішінде оның банкроттығына байланысты таратылатын астық қабылдау кәсіпорны кредиторларының талаптары осы бапта белгіленген тәртіппен қанағаттандырылады.

2. Таратудың жүргізілуіне байланысты, соның ішінде астық қабылдау кәсіпорнын тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығындар, сондай-ақ таратылатын астық қабылдау кәсіпорнының негізгі міндеттерін қамтамасыз ету қажеттігінен туындайтын шығындар кезектен тыс және тұрақты жүргізіледі.

3. Кредиторлардың белгіленген тәртіппен танылған талаптары мынадай кезекпен қанағаттандырылуға тиіс:

1) бірінші кезекте өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін таратылушы астық қабылдау кәсіпорны жауап беретін азаматтардың талаптары қанағаттандырылады;

2) екінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істеуші адамдармен еңбекке ақы төлеу бойынша есеп айырысу жүргізіледі;

3) үшінші кезекте кепіл туралы мәліметтері бар астық қолхаттарын ұстаушылардың талаптары қанағаттандырылады;

4) төртінші кезекте кепіл туралы мәліметтері жоқ астық қолхаттарын ұстаушылардың талаптары қанағаттандырылады;

5) бесінші кезекте кредиторлардың таратылатын астық қабылдау кәсіпорнының мүлік кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер жөніндегі талаптары қанағаттандырылады;

6) алтыншы кезекте бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешек өтеледі;

7) жетінші кезекте заң актілеріне сәйкес басқа кредиторлармен есеп айырысу жүргізіледі.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-тарау. АСТЫҚ ҚОЛХАТТАРЫ

39-бап. Астық қолхаты

1. Астық қабылдау кәсіпорны астықты сақтауға қабылдағанын растау ретінде астық қолхатын шығаруға арналған бұйрық негізінде тіркеуші ақпараттық жүйеде астық қолхатын шығарады.

2. Астық қолхатында мынадай міндетті деректемелер болуы тиіс:

1) астық қолхатының нөмірі;

2) астықты сақтауға қабылдаған астық қабылдау кәсіпорнының атауы, орналасқан жері және бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) астықты сақтауға тапсырған заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі;

4) кепіл ұстаушылар (астық қолхаты бойынша астық кепілі кезінде) болып табылатын заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі;

5) астық түрі, оның сандық және сапалық сипаттамалары;

6) оған дейін астық сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу жүргізілген күн;

7) астық қолхаты шығарылған күн.

3. Астық қабылдау кәсіпорындарына астық қабылдау кәсіпорнының техникалық сыйымдылығынан асып түсетін астық көлеміне астық қолхаттарын шығаруға тыйым салынады.

Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда - ҚР 09.04.2016 № 502-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

39-1-бап. Астық қолхатын шығаруға қойылатын талаптар

1. Астық қолхаты сапасы бойынша бір тектес әрбір астық партиясына шығарылады. Тапсырылған астықтың барлық көлеміне шығарылатын астық қолхаттарының саны тізілімде қалыптастырылатын және астық қабылдау кәсіпорны мен астықтың иесі қол қоятын астық қолхатын шығаруға арналған бұйрықта айқындалады.

2. Астық қабылдау кәсіпорны астықты қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде астық қолхаттарын шығарады.

Ескерту. 39-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.10.13 № 488; жаңа редакцияда - ҚР 09.04.2016 № 502-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-бап. Астық қолхатын және оның бөліктерін ұстаушылардың құқықтары

Ескерту. Алып тасталды - ҚР 09.04.2016 № 502-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

40-1-бап. Астық қолхаты және оның бөліктері бойынша құқықтарды беру

Ескерту. 40-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.10.13. № 488; алып тасталды - ҚР 09.04.2016 № 502-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41-бап. Астық қолхаты бойынша астық беру

1. Астық қолхатын ұстаушы астықты талап ету үшін астық қабылдау кәсіпорнының орналасқан жеріне өзі келуге немесе уәкілетті өкілін жіберуге міндетті.

2. Астықты беру астық қолхатын ұстаушы немесе астық қабылдау кәсіпорны тізілімде қалыптастыратын астық қолхатын өтеуге арналған бұйрық негізінде жүргізіледі. Астық берілгеннен кейін астық қолхаты Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіппен өтеледі.

Ескерту. 41-бап жаңа редакцияда - ҚР 09.04.2016 № 502-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41-1-бап. Астық кепілі кезінде құқықтарды жүзеге асыру тәртібі

1. Астық қолхатын ұстаушы кредитор алдындағы міндеттеме мөлшеріндегі борышты өтеген кезде кепіл ұстаушы ауыртпалықты (кепілді) алып тастауға арналған бұйрықты тізілімде тіркеуге міндетті.

2. Астық қолхаты бойынша астық кепілімен қамтамасыз етілген міндеттеме орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, кепіл ұстаушы астықты өндіріп алуға өтініш жасауға құқылы.

Ескерту. 41-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.10.13. № 488; жаңа редакцияда - ҚР 09.04.2016 № 502-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

41-2-бап. Кепілге салынған астықты сату

1. Кепіл ұстаушы астық кепілімен қамтамасыз етілген өзінің талабы мерзімінде қанағаттандырылмаған жағдайда, кепілге салынған астықты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатуға және кепіл берушінің басқа кредиторлары алдындағы өзінің талаптарын басымдықта жабуға құқылы.

Кепіл ұстаушының талабын кепілге салынған астықтың құнынан қанағаттандыру, егер шартта өзгеше белгіленбесе, кепіл ұстаушының сенім білдірген тұлғасы ұйымдастыратын және өткізетін сауда-саттықта кепілге салынған астықты мәжбүрлеп соттан тыс тәртіппен сату арқылы жүргізіледі.

Кепіл ұстаушының сенім білдірген тұлғасы кепіл берушіге кепіл туралы шартта көзделген міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарлама жасайды және сонымен бір мезгілде тіркеуші ақпараттық жүйенің веб-порталында және бұқаралық ақпарат құралдарында сауда-саттықтың өткізілетін уақыты, орны, сауда-саттық нысанасы, оны өткізу тәртібі, сауда-саттыққа қатысуды ресімдеу туралы және кепілге салынған астықтың бастапқы бағасы туралы мәліметтерді қоса алғанда, сауда-саттық өткізу туралы хабарлама жариялайды.

Сауда-саттық туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он төрт күннен кейін өткізіледі.

2. Сауда-саттықта астық сатудан түскен сома мынадай кезекпен бөлінеді:

1) бірінші кезекте сауда-саттықты өткізуге және ұйымдастыруға байланысты шығындар жабылады;

2) екінші кезекте астық қабылдау кәсіпорнына сақтау жөнінде көрсеткен қызметі үшін сыйақы төленеді;

3) үшінші кезекте кепіл ұстаушының талаптары қанағаттандырылады;

4) төртінші кезекте астықты сатудан қалған сома астық қолхатын ұстаушыға қайтарылады.

3. Әрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады.

Ескерту. 41-2-баппен толықтырылды - ҚР 2003.10.13 № 488; өзгерістер енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 502-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

41-3-бап. Астық қолхатының жоғалуы немесе бүлінуі

Ескерту. 41-3-баппен толықтырылды - ҚР 2003.10.13. № 488; алып тасталды - ҚР 09.04.2016 № 502-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

41-4-бап. Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. Заң 41-4-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.11 № 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

9-тарау. Қорытынды ережелер

42-бап. Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібі

Осы заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті